

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 36-18 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 25 желтоқсанда № 37676 болып тіркелді

Сноска. Вводится в действие с 01.01.2026 в соответствии с пунктом 3 настоящего решения.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі" мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан
мәслихатының төрағасы*

С. Баумағанбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов
атындағы аудан мәслихаты
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 36-18 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2018 жылғы 5 ақпандағы № 19 -3 "Жер салығының базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4575 болып тіркелген).

2. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2018 жылғы 16 мамырдағы № 24-3 "Жер салығының базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2018 жылғы 5 ақпандағы № 19-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4743 болып тіркелген).

3. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 17 наурыздағы № 57-5 "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 2018 жылғы 5 ақпандағы № 19-3 "Жер салығының базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6103 болып тіркелген).

4. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2021 жылғы 23 ақпандағы № 2 -1 "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2018 жылғы 5 ақпандағы № 19-3 "Жер салығының базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7144 болып тіркелген).

5. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 14-34 "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 2018 жылғы 5 ақпандағы № 19-3 "Жер салығының базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26465 болып тіркелген).